

I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР
БОҰЫНША
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

8-сабақ Қылмыстық теріс қылықтар бойынша үкім



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

мүліктік шығын

заттай қалалар

процестік мәжбүрлеу шарасы

теріс қылықтар

бой масалау

іс-әрекеті салдарынан



3. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

мүліктік

заттай

теріс

іс-әрекетінің

процестік мәжбүрлеу

бой



3. Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

бой масалау

мүліктік шығын

процестік мәжбүрлеу шарасы

теріс қылықтар

іс-әрекеті салдарынан

заттай қалалар



4. Оқыңыз.

Қуанышбек Сәрсенұлы Аюпов 1990 жылы 4 маусымда Қызылорда облысында туған, тұрғылықты мекенжайы Қарағанды облысы, Абай қаласы, Байқадам көшесі, 17-үй, білімі орта, «23 экспедиция» мекемесінде жұмысшы, үйленген, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, бұрын сотталмаған, «келу туралы міндеттеме» түріндегі процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылған, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін 2021 жылғы 30 шілдеде алған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін айыппен сотқа берілді.



5. Мәтін бойынша сөз тіркестерін аяқтаңыз.

тұрғылықты

қылмыстық

келу туралы

процестік мәжбүрлеу

хаттаманың

сотқа



6. Мәтін бойынша құрыс-бұрысын анықтаңыз.

Ақпараты	құрыс	бұрыс
Қуанышбек Сәрсенұлы Аюпов, 1990 жылы 4 маусымда Қызылорда облысында туған		
Алматы облысында тұрады		
Қазақстан Республикасының азаматы		
Ұлты - қырғыз		
Үйленген, бұрын сотталмаған		



7. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.

Сотталушы Қ.С.Аюпов, _____ жылы _____ мамырда сағат _____ шамасында, Абау қаласы, Нәлібаев көшесі, 2 мекенжайында орналасқан №23 экспедиция мекемесінің шеберханасына жасырын кіріп, қаурау станоктарын ұрлап, оқиға орнынан бой тасалаған. Күдікті Қ.С.Аюповтың қылмыстық теріс қылық іс-әрекетінің салдарынан жәбірленуші _____ экспедиция мекемесіне жалпы _____



8. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Сотталушы Қ.С.Аюпов, 2021 жылы 17 мамырда сағат 23:30 шамасында, Абау қаласы, Нәлібаев көшесі, 2 _____ №23 экспедиция _____ жасырын кірген.
- қаурау _____, оқиға орнынан _____.
- Күдікті Қ.С.Аюповтың қылмыстық теріс қылық _____ жәбірленуші №23 экспедиция мекемесіне жалпы 13 000 теңге мүлдіктік _____.



9. Мәтінді оқыңыз.

Сотталушы Қ.С.Аюпов, өзіне тағылған айыпты толығымен мойындап, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде берген жауабын, жасаған әрекетіне шын ниетпен өкінетінін, кешірім сұрайтынын, келтірілген мүлдікті залалды жәбірленуші мекемеге өтеп бергенін, айыппұл жазасының ең төменгі мөлшерін тағауындауды сұрады.

Сотталушы Қ.С.Аюповтың жасаған қылмыстық теріс қылық құқықбұзушылық іс-әрекеті өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, оқиға болған жерді қарап-тексеру туралы хаттамасымен, фото-кестемен, жәбірленуші өкілі Е.Әсетовтің жауабымен сәйкес келеді.

Қылмыстық іске тіркелген заттай дәлелдемелер ҚР ҚПК-нің 118-бабының талабына сәйкес шешілуге тиісті.



10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

-ған

-ген

талқылау-талқылаған

өтеу-

кешірім сұрау-

тергеп-тексеру-

кінәсін мойындау-

шын ниетпен өкіну-



11. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

уәждеу
сот
өзіне тағылған
сотқа дейінгі
келтірілген
ауыппұл
заттау
құқықбұзушылық

талқылауы
ауып
терген-тексеру
мүліктік залал
бөлігі
жазасы
қәлелдемелер
іс-әрекеті



12. Тыңдаңыз, тиісті сөздерді жазыңыз.

29170 теңге ауыппұл _____

ауыппұлды ерікті түрде төлемесе, жазаны орындау мәжбүрлеп _____

14 585 теңге өтемақы _____

заттау аумақтар меншік иесіне _____



13. Мәтінді оқыңыз.

Қ.С.Аюпов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 29170 (жиырма тоғыз мың жүз жетпіс) теңге ауыппұл салынсын.

Сотталушы Қ.С. Аюпов ауыппұлды ерікті түрде төлемесе, жазаны орындау сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп жүргізілсін.

Сотталушы Қ.С.Аюповтан жәбірленушілерге өтемақы қорына бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 14 585 теңге өтемақы өндірілсін.

Аталған заттау аумақтар меншік иесіне қайтарылсын.

Үкімге ол жарияланған күннен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам көшірмесін қолына алған күннен бастап қал сондай мерзімде осы сот арқылы Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі және прокурордың өтінішхаттары келтірілуі мүмкін.



14. Мәтін бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

1. Қ.С.Аюпов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен _____.

2. Сотталушы Қ.С. Аюпов ауыппұлды _____, жазаны орындау сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп жүргізілсін.

3. Сотталушы Қ.С.Аюповтан жәбірленушілерге _____ бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 14 585 теңге өтемақы өндірілсін.

4. Аталған _____ меншік иесіне қайтарылсын.

5. Үкімге ол жарияланған күннен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде, ал _____

_____ сотталған адам көшірмесін қолына алған күннен бастап қал сондай мерзімде осы сот арқылы Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі және _____ берілуі мүмкін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ҮКІМ

2021 жылғы 6 тамыз

Іс № 4352-21-00-1/46

Шуелі кенті

Қызылорда облысы Шуелі аудандық соты құрамында:
Төрағалық етуші судья Ж.Т.Ахметова

сот отырысының хатшысы
мемлекеттік айыптаушы

А.А.Серікованың,
Шуелі аудандық прокуратурасының прокуроры

Жәбірленуші өкілі

Б.Көзенов,

Сотталушы

Е.Әсетов,

Қ.С.Аюповтың,

қорғаушы-адвокат А.Р. Алиеваның қатысуларымен, ашық сот отырысында бейне-байланыс режимінде, ғылыми-техникалық құралдарды қолдану арқылы қашықтықтан, қылмыстық теріс туралы істі қарады, ол бойынша:

Қуанышбек Сәрсенұлы Аюпов, 1990 жылы 4 маусымда Қызылорда облысында туған, тұрғылықты мекенжайы Қызылорда облысы, Шуелі кенті, Бауқадам көшесі, 17-үй, білімі орта, «23 экспедиция» мекемесінде жұмысшы, үйленген, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, бұрын сотталмаған, «келу туралы міндеттеме» түріндегі процесстік мәжбүрлеу шарасы қолданылған, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін 2021 жылғы 30 шілдеде алған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотқа берілді.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

Қуанышбек Сәрсенұлы Аюпов 1990 жылы 4 маусымда Қызылорда облысында туған, тұрғылықты мекенжайы Қарағанды облысы, Абау қаласы, Бауқадам көшесі, 17-үй, білімі орта, 23 экспедиция мекемесінде жұмысшы, үйленген, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, бұрын сотталмаған, «келу туралы міндеттеме» түріндегі процесстік мәжбүрлеу шарасы қолданылған, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін 2021 жылғы 30 шілдеде алған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен көзделген қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін айыппен сотқа берілді.

Сотталушы Қ.С.Аюпов, 2021 жылы 17 мамырда 23:30 шамасында, Абау қаласы, Нәлібаев көшесі, 2 мекенжайында орналасқан №23 экспедиция мекемесінің шеберханасына жасырын кіріп, қаурау станоктарын ұрлап, оқиға орнынан боу тасалаған. Күдікті Қ.С.Аюповтың қылмыстық теріс қылық іс-әрекетінің салдарынан жәбірленуші №23 экспедиция мекемесіне жалпы 13 000 теңге мүлкітік шығын келтірген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

- Сотталушы Қ.С.Аюпов, 2021 жылы 17 мамырда күні сағат 23:30 шамасында, Абау қаласы, Нәлібаев көшесі, 2 мекенжайында орналасқан №23 экспедиция мекемесінің шеберханасына жасырын кірген.
- қаурау станоктарын ұрлап, оқиға орнынан боу тасалаған.
- Күдікті Қ.С.Аюповтың қылмыстық теріс қылық іс-әрекетінің салдарынан жәбірленуші №23 экспедиция мекемесіне жалпы 13 000 теңге мүлкітік шығын келтірген.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401-402-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ҮКІМ ЕТТІ:

Қ.С.Аюпов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 187-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 29170 (жиырма тоғыз мың бір жүз жетпіс) теңге айыппұл салынсын.

Сотталушы Қ.С. Аюпов айыппұлды ерікті түрде төлемесе, жазаны орындау сот берген атқару парағының негізінде мәжбүрлеп жүргізілсін.

Сотталушы Қ.С.Аюповтан жәбірленушілерге өтемақы қорына бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 14 585 теңге өтемақы өндірілсін.

Аталған заттай айғақтар меншік иесіне қаутарылсын.

Үкім жарияланған күннен бастап 15 (он бес) тәулік ішінде, ал күзетпен ұсталатын сотталған адам көшірмесін қолына алған күннен бастап қал сондай мерзімде осы сот арқылы Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі және прокурордың өтінішхаттары келтірілуі мүмкін.

Судья

А.А.Оспанов